

**30 қаңтар 2020 ж. № СД 03-20**  
**директорлар**  
**Кеңесінің хаттамасымен**  
**БЕКІТІЛГЕН**

## **АДВОКАТТАР МЕН ЗАҢ КЕҢЕСШІЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

### **1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы адвокаттар мен заң кеңесшілерінің кәсіби жауапкершілігін ерікті сақтандыру Ережелері (әрі қарай мәтін бойынша – Ережелер) негізінде «АСКО» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік Қоғамы (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтандырушы) адвокаттармен, заң кеңесшілерімен, сондай-ақ заң кеңесшісімен еңбек шартын құрған заңды тұлғалармен кәсіби жауапкершілікті ерікті сақтандыру Шартын (әрі қарай мәтін бойынша – сақтандыру Шарты) құрады.

Жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және 5 шілде 2018 жылғы «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР Заңымен реттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіби негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы адвокат болып табылады.

Жоғары заң білімі бар, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен, заң кеңесшілері палатасының мүшесі болып табылатын және заң көмегін көрсететін жеке тұлға заң кеңесшісі болып табылады.

1.2. Сақтандыру Шарты залал келтірілуі мүмкін тұлғалардың пайдасына құрылған болып саналады, бұл жағдайда Пайда алушы ретінде әрекет ететін болып есептеледі.

### **2 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ**

2.1. Адвокаттың немесе заң кеңесшісінің кәсіби қызметін жүзеге асыру шеңберінде Пайда алушының (-лардың) мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды өтеу міндеттеріне байланысты Сақтанушының мүліктік мүддесі сақтандыру объектісі болып табылады.

2.2. Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру қате әрекеттер (әрекетсіздіктер) және (немесе) арнайы рұқсат (лицензия, хабарламалар) негізінде өткізілетін және (немесе) арнайы білімді, тәжірибені және (немесе) біліктілікті талап ететін кәсіби қызмет процесінде немесе нәтижесінде үшінші тұлғаларға зиян келтіруге байланысты залалдың жартылай немесе толық өтемақысы

мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды білдіреді

### **3 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕГІ**

3.1. Шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғалардың мүлдік мүдделеріне келтірілген залалды өтеу жөніндегі Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталуы сақтандыру жағдайы болып табылады.

Кәсіби қателіктер болып түсініледі:

- 1) іс жүргізу мерзімдерін өткізіп алу;
- 2) құжаттарды дұрыс рәсімдемеу;
- 3) Шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін тұлғаға оған залал келтіруге әкеп соққан жасалатын заңды әрекеттердің салдарлары туралы хабарламау;
- 4) Сақтанушы (Сақтандырылушы тұлға) клиенттен заң көмегін көрсету үшін алған құжаттардың жоғалуы немесе бүлінуі;
- 5) адвокаттық құпияны құрайтын мәліметтерді заңсыз жариялау (адвокаттардың жауапкершілігін сақтандыру кезінде);
- б) заң көмегін көрсету процесінде Сақтандырылушы тұлғаға белгілі болған мәліметтерді заңсыз жариялау (заң кеңесшісінің жауапкершілігін сақтандыру кезінде).

3.2. Сақтандыру жағдайының басталу дерегі заңды күшіне енген сот шешімінің не Сақтандырушының жазбаша келісімімен Сақтанушының кінәсін ерікті түрде мойындау негізінде расталады.

3.3. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

### **4 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ**

4.1. Сақтандыру жағдайының басталуына байланысты моральдық зиян, жіберілген пайда, алынбаған табыстар, сондай-ақ өзге де жанама шығындар (айыпшұлдар, тұрақсыздық айыбы, мемлекеттік баж және т.б.) Сақтандырумен өтелмейді.

4.2. Адвокаттардың кәсіби жауапкершілігін ерікті сақтандыру Шарты адвокаттың көмекшілерімен және тағылымдамадан өтушілерімен құрылмайды.

4.3. Заң кеңесшілерінің кәсіби жауапкершілігін ерікті сақтандыру Шарты өзіне қатысты заң кеңесшілері палатасына мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылданған тұлғамен құрылмайды.

## **5 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ**

5.1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

5.2. Сақтандыру сомасының мөлшері Тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында қызметін жүзеге асыратын адвокаттар мен заң кеңесшілері үшін кемінде 1000 айлық есептік көрсеткіш, өзге де адвокаттар мен заң кеңесшілері үшін кемінде 500 айлық есептік көрсеткіш.

5.3. Сақтандыру Шартында әрбір сақтандыру жағдайы бойынша және/немесе бір Пайда алушыға қатысты жауапкершіліктің шекті сомалары (лимиттері) белгіленуі мүмкін.

5.4. Сақтандыру Шартын құру кезінде мөлшері мен түрі сақтандыру шарттарымен анықталатын франшиза белгіленуі мүмкін.

## **6 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ**

6.1. Сақтандыру Шарты Сақтанушының өтініші негізінде құрылады.

6.2. Сақтандыру Шартын құру кезінде Сақтанушыға сақтандыру жағдайының (сақтандыру тәуекелінің) туындау ықтималдығын және егер бұл мән-жайлар белгілі болмаса және Сақтандырушыға белгілі бола алмаса, оның туындауынан болатын ықтимал шығындардың мөлшерін анықтау үшін елеулі маңызы бар белгілі мән-жайларды Сақтанушы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Бұл ретте Сақтандырушымен сақтандыру Шартында немесе оның жазбаша сұрау салуында сөзсіз келісілген мән-жайлар маңызды деп танылуы мүмкін. Сақтандырушы қойған сұрақтарға Сақтанушының жауаптарын алғанға дейін сақтандыру Шартын құру кезінде соңғысы тиісті мән-жайларды Сақтанушы хабарламағаны негізінде Шартты бұзуды не оны жарамсыз деп тануды кейіннен талап ете алмайды. Егер сақтандыру Шартын құрғаннан кейін Сақтанушы сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның туындауынан болатын ықтимал шығындардың мөлшерін анықтау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы Шартты жарамсыз деп тануды және Сақтанушы жасырып қалған мән-жайлар жойылған жағдайды қоспағанда ҚР заңнамасында көзделген салдарларды қолдануды талап етуге құқылы.

Жоғарыда айтылғандар Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін негіз бола алады.

Сақтанушы Сақтандырушының өтішінде мен жазбаша сұрау салуларына жауаптарда ұсынылған деректердің сенімділігі мен толықтығына жауапты болады.

6.3. Сақтандыру Шартын құру кезінде Сақтандырушы сақтандыру тәуекелін бағалауды жүргізуге, атап айтқанда оның кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың мәні болып табылатын Сақтанушының (Сақтандырылушының) қызмет ерекшеліктерімен танысуға құқылы.

## **7 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ**

7.1. Сақтандыру Шарты Тараптармен келісілген мерзімге құрылады.

7.2. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру Шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.

7.3. Егер сақтандыру Шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру Шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

## **8 БӨЛІМ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **8.1. Сақтанушы құқылы:**

8.1.1. Сақтандырушыдан сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру талаптарын, өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

8.1.2. сақтандыру Шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;

8.1.3. Сақтандырушыға (оның ішінде филиал, өкілдік арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге не өтінішті сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына не Сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе Шарттан туындайтын дауларды реттеу үшін сотқа жіберуге.

Сақтандыру шарттарында Сақтанушының ҚР заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

### **8.2. Сақтанушы міндетті:**

8.2.1. сақтандыру Шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйақысын төлеуге;

8.2.2. сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайту үшін шаралар қабылдауға;

8.2.3. заң көмегін көрсету кезінде келтірілген зиянды өтеу туралы үшінші тұлғалардың талап қою дерегі туралы өзіне белгілі болған сәттен бастап дереу, бірақ 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша расталуы тиіс. Егер Сақтанушы дәлелді себептермен аталған әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаса, ол оны құжатпен растауы тиіс.

8.2.4. Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынуға;

Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін қажетті сенімді ақпаратты хабарлауға және ұсынуға;

8.2.5. сақтандыру Шартын құру үшін қажетті ақпаратты (үшінші тұлғаларға заң көмегін көрсетуге байланысты төленген шығындар тарихын, Сақтанушыны сәйкестендіретін және оның адвокат немесе заң кеңесшісінің өкілеттігін растайтын құжаттарды) ұсынуға;

8.2.6. сақтандыру жағдайы бойынша құжаттаманы, оның ішінде адвокаттың немесе заң кеңесшісінің заң көмегіне ақы төленгенін растайтын құжаттарды ұсынуға;

Сақтандыру Шартында ҚР заңнамасына қайшы келмейтін Сақтанушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

### **8.3. Сақтандырушы құқылы:**

8.3.1. Сақтанушыдан сақтандыру сыйақысын төлеуді талап етуге;

8.3.2. құзыретті ұйымдардан сақтандыру жағдайының басталу дерегін растайтын құжаттарды сұратуға;

8.3.3. келтірілген залалдың мөлшерін бағалау үшін арнайы білімі бар тәуелсіз сарапшылар мен мамандарды тартуға;

8.3.4. сақтандыру жағдайы басталған кезде келтірілген зиянның мөлшерін анықтауға және сақтандыру төлемінің сомасын анықтауға;

8.3.5. сақтандыру Шартының талаптарында көзделген негіздемелер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе жартылай жүзеге асырудан дәлелді түрде бас тартуға.

Сақтандыру шарттарында ҚР азаматтық заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандырушының басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

### **8.4. Сақтандырушы міндетті:**

8.4.1. Сақтанушыны сақтандыру Ережелерімен таныстыруға, сақтандыру Шартынан туындайтын оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге, Сақтанушының талабы бойынша сақтандыру Ережелерінің көшірмесін ұсынуға;

8.4.2. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

8.4.3. Сақтандырушының интернет-қоры арқылы қолма қол ақшасыз тәсілмен сақтандыру сыйақысын төлеу мүмкіндігін ұсынуға (сақтандыру Шартын электрондық нысанда құрған жағдайда);

8.4.4. сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүргізуге;

8.4.5. өзі тартатын бағалаушының (тәуелсіз сарапшының) қызметтеріне ақы төлеуге;

8.4.6. сақтандыру жағдайының басталу дерегін және Сақтандырушының өтеуге жататын зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс рәсімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;

8.4.7. Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын үшінші тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған

жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға жетіспейтін құжаттар туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға міндетті

8.4.8. Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш алған кезде Сақтанушының (Пайда алушының) талаптарын қарастыруға және 5 (бес) жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап ұсынуға;

8.4.9. Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайта жіберуге;

Сақтандыру Шартында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандырушының басқа да міндеттері көзделуі мүмкін

## **9 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ**

9.1. Сақтанушы міндетті:

- сақтандыру жағдайының басталғаны туралы оған белгілі болғаннан кейін дереу, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оның басталғаны туралы Сақтандырушыға немесе оның өкіліне кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға;

- ықтимал шығындарды азайту үшін болған мән-жайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдауға. Сақтанушының (Сақтандырылушының) ықтимал шығындарды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған шығындар бөлігінде Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады;

- Сақтандырушыға сақтандыру жағдайына байланысты Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) қойылған мүлктік сипаттағы барлық талаптар туралы хабарлауға;

- Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз сақтандыру жағдайына байланысты қойылатын талаптарды мойындамауға, осындай талаптарды реттеу бойынша өзіне қандай да бір міндеттемелерді қабылдамауға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға залалдарды өтемеуге;

- егер Сақтанушының (Сақтандырылушының) талаптарды қанағаттандырудан бас тарту немесе талап қою мөлшерін азайту мүмкіндігі мен негіздері болса, Сақтандырушыны хабардар етуге және осындай мүмкіндікті жүзеге асыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға;

- егер Сақтандырушы сақтандыру жағдайына байланысты өзінің де, Сақтанушының (Сақтандырылушының) да мүдделерін қорғау үшін адвокатты немесе өзге де уәкілетті тұлғаны тағайындау қажет деп таныса, Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға сенімхат және басқа да құжаттарды беруге.

## **10 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ**

10.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда қойылады.

Сақтандыру төлемі туралы өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

- 1) сақтандыру Шартының көшірмесі;
- 2) Сақтанушының кәсіби жауапкершілігінің басталуы туралы заңды күшіне енген сот шешімінің және сот ісі материалдарының көшірмелері (егер Сақтандырушы нәтижесінде үшінші тұлғаларға зиян келтірілген мән-жайларды сот талқылауынсыз сақтандыру жағдайы ретінде танымаған жағдайда) және/немесе сақтандыру жағдайының басталу мән-жайлары мен себептері туралы құжаттардың түпнұсқалары (құзыретті органдардың уәкілетті тұлғалары куәландырған);
- 3) заң көмегін көрсету туралы шарттың көшірмесі, сондай-ақ адвокаттың немесе заң кеңесшісінің заң көмегіне ақы төлегенін растайтын құжаттар;
- 4) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат;
- 5) сақтандыру төлемін аудару үшін Пайда алушы шотының банктік деректемелері;
- 6) шығындардың алдын алу немесе азайту мақсаттарында Сақтанушының шеккен шығындарын растайтын құжаттар;
- 7) үшінші тұлғалардың зиянды өтеу туралы шағымдарының, талаптарының, өзге де өтініштерінің көшірмелері;
- 8) сақтандыру жағдайына қатысы бар өзге де құжаттар.

Сақтандыру шарттарымен сақтандыру жағдайының басталғанын және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың өзге де тізбесі анықталуы мүмкін.

10.2. Сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтандырушы Сақтанушының жауапкершілігін белгілеген, Шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін тұлға алдында заң көмегін көрсету кезінде кәсіби қателіктер жіберген сот актісі негізінде немесе сот актісініңсіз (Сақтанушы мен Сақтандырушының жазбаша келісімі болған кезде) анықтайды.

10.3. Сақтандыру төлемі франшиза шегеріле отырып, жүзеге асырылады (егер ол сақтандыру шарттарымен белгіленсе).

10.4. Сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) жүзеге асырылады.

10.5. Сақтандыру төлемін Сақтанушыдан барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырушы жүзеге асырады

## **11 БӨЛІМ. САҚТАНУШЫНЫ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ЖЕТІСПЕЙТІН ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ МЕРЗІМІ**

11.1. Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) не олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда олар сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы жазбаша өтініш алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жетіспейтін құжаттар туралы хабарлайды.

11.2. Сақтандыру Шартында хабарлаудың өзге мерзімі белгіленуі мүмкін.

## **12 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ**

12.1. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы сақтандыру шарттарында көзделген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) күн ішінде жүргізеді.

12.2. Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тартуға құқылы:

1) қажетті қорғаныс және (немесе) аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның туындауына ықпал ететін Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының қасақана әрекеттері;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болатын қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының әрекеттері;

3) сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның туындауына ықпал ететін үшінші тұлғалардың әрекеттері;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болатын қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған үшінші тұлғалардың әрекеттері;

5) Адвокаттың заң көмегін көрсету туралы Шартты құруынсыз, сол сияқты мемлекет кепілдік берген заң көмегі шеңберінде адвокаттық қызметтер көрсету шеңберінде өзге де құжаттарды рәсімдеусіз заң көмегін көрсетуі;

6) Лицензияның не адвокаттар алқасына мүшеліктің қолданылуын тоқтату немесе тоқтата тұру кезеңінде адвокаттық қызметті жүзеге асыру;

7) сақтандыру Шартында анықталған өзге де әрекеттер мен оқиғалар.

12.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін келесілер негіз бола алады:



1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдарлары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамауы;

3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуде және келтірілген зиян мөлшерін белгілеуде кедергі келтіруі;

4) Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламауы;

5) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі төленген болса, Сақтандырушы оны толық немесе жартылай қайтаруды талап етуге құқылы.

б) Заңнамалық актілерде көзделген басқа да жағдайлар.

12.4. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау, егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені дәлелденбесе не Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмаса, оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

12.5. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, жазбаша нысанда сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тарту туралы тиісті шешімді жіберуге міндетті.

## **13 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ**

13.1. Сақтандыру Шарты келесі жағдайларда тоқтатылған болып саналады:

1) қолданылу мерзімі өткенде;

2) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру.

13.2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841 бабында белгіленген жағдайларда сақтандыру Шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылады.

13.3. Шартты мерзімінен бұрын тоқтаудың салдары Азаматтық кодекстің 842 бабына сәйкес анықталады. Сақтандыру сыйақысының бір бөлігі қайтарылған жағдайда Сақтандырушы оның бір бөлігін сақтандырудың өткен мерзімі үшін ұстап қалады.

13.4. Сақтандыру Ережелерінде көзделмеген негіздемелер бойынша Сақтанушының талабы бойынша сақтандыру Шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйақысы қайтарылуға жатпайды.

## **14 БӨЛІМ. ҚОСЫМША ШАРТТАР**

14.1. Сақтандыру Шартын құру кезінде Сақтанушы мен Сақтандырушы осы Ережелердің жекелеген қағидаларын қолданбау туралы және қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес сақтандыру шарттарын толықтыру туралы келісе алады.

## **15 БӨЛІМ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

15.1. Сақтандыру Шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге келмеген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.